



geophysical surveying company
УзеньГеоСервис



БЕКІТЕМІН
«УзеньГеоСервис» ЖШС-нің директоры
/Б.Т. Темирбаев
2017 ж.

Еңбек сапасын, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету САЯСАТЫ

Өз қызметінің негізіне және пайдаланылатын жабдықтың, жарақтың және жұмыс белсенділігінің негізіне, жұмыста иондаушы сәулелендіруді және жарылғыш заттарды пайдалану себепті геофизикалық жұмыстар бойынша жүргізілетін операциялар қызмет көрсететін персонал мен геофизикалық жабдыққа әлеуетті қауіптілік тудырады.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің (ЕҚБЖ) мақсаты сапа, денсаулықты қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің «УзеньГеоСервис» ЖШС басқарушы персоналы мен барлық қызметкерлері үшін басты мәселелер ретінде қалуды көздейді. Жұмыстарды жүргізу барысында қауіпті жағдайлар мен ақаулықтарды болдырмау үздіксіз жетілдіру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Геофизикалық жұмыстармен айналысып жатқан жұмысшылардың қалыпты өмір сүруіне және олардың қауіпсіздігіне барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында, қауіпсіздік ережелері мен нормаларын, еңбекті қорғау нұсқаулықтарын, санитарлық нормалар мен ережелерін, еңбекті қорғау саласында жұмысшыларды оқыту сапасын, сондай-ақ, олардың функцияларын, міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін нақты үлестіруді жүйелі түрде жетілдіріп отыру қажет.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құқықтық әрі нормативтік негізі Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс туралы Заңы, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қадағалау ұйымдарының қауіпсіздік ережелері мен нормалары, стандарттары, басқару құжаттары болып табылады.

1. Компанияның өндірістік қызметінің нәтижелеріне қатысты жұмыскер өмірі мен денсаулығының басымдығы.
2. Жұмыстарды жүргізу объектілеріндегі еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жағдайы үшін бөлімше бастықтарының толық жауапкершілігі.
3. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша ғылымның, техниканың жетістіктерін, сондай-ақ, ұлттық және шетелдік озық тәжірибені кеңінен пайдалану.
4. Еңбекті қорғау саласында қауіпсіздік техниканың, технология мен қорғаныс құралдарының әзірленуі мен енгізілуін ынталандыру.
5. Тапсырыс берушінің қоятын талаптарына уақытылы жауап беру, еңбек жағдайларының өзгеретін талаптарына бейімдеушілік, қызмет көрсету мүмкіндіктерін нақты анықтау, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын орындауда көшбасшы болу.
6. Еңбекті қорғаудың және қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларын сақтаудағы «УзеньГеоСервис» ЖШС жұмыскерлерінің экономикалық мүдделілігі.

7. Компанияның қаржы есебінен жұмыскерлерді арнайы киіммен және аяқ-киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.
8. Өндіріс орнындағы әрбір жазатайым оқиғаны және әрбір кәсіби сырқатты міндетті түрде тексеру және оны есепке алу, жұмыскерлердің өндірістік травматизм деңгейлері, кәсіби сырқат пен еңбекті қорғауды жақсарту бойынша қабылданатын шаралар туралы хабаландырылуын қамтамасыз ету.
9. Өндіріс орнында жазатайым оқиғаларға тап болған немесе кәсіби сырқат алған жұмыскерлердің мүдделелерін әлеуметтік тұрғыдан қорғау.
10. Білім беру мекемелерінде және біліктілікті арттыру курстарында компания жұмыскерлерін геофизикалық жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге үйрету.
11. Еңбекті қорғау проблемаларын шешу кезінде әртүрлі ұйымдармен ынтымақтастық жасау.

Есірткі мен алкогольге қарсы жүргізілетін саясат.

Ұңғымалардың геофизикалық зерттеуі ұжымдық жұмыс болып табылғандықтан, партияның бір жұмыскерімен есірткі мен алкогольді кез келген көлемде, тіпті аз көлемде де пайдалану жұмыс сапасына кері әсер етіп, партия жұмыскерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне күрделі қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Дала жағдайларында жұмыс істеу кезінде, барлық деңгейдегі компания басшылары келесі ережелерді қолданулары тиіс:

1. Жұмыскерлер өздерінің кәсіби жарамдылықтары үшін өздері жауап береді. Жұмыс орнында есірткілік немесе алкогольдік масаю күйінде болуға қатаң түрде тыйым салынады.
2. Жұмыс орнында есірткі қолданып немесе алкоголь ішкен тұлға дереу жұмыстан шеттетіліп, тәртіптік жаза шарасын шығару үшін оның қанындағы алкоголь мен есірткінің мөлшеріне тест жүргізілуі тиіс.
3. Пайдаланылу мақсаттына қарамастан, автомашина жүргізушілеріне гараждан шықпас бұрын қандағы алкоголь мен есірткінің мөлшеріне үнемі тест жүргізіледі.
4. Компания аумағында тыйым салынған дәрілік препараттарын/есірткісін қолдануға, сақтауға, таратуға немесе сатуға рұқсат етілмейді және қатаң түрде тыйым салынған. Кінәлі тұлғалар әкімшілік, ал қажет болған жағдайда, ПМ органдарына келіп түскен арыздары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.
5. Жұмыскерлер дәрігердің кеңесімен қабылданатын дәрілік препараттардың мүмкін болатын жанама әсері туралы ескерілулері тиіс. Осындай жағдай орын алған кезде, жанама әсерлерін күтпей, тиісті сақтық шаралары қолданылуы үшін жұмыскерлер дәрігер кеңес берген немесе кеңес бермеген дәрілік препараттарды қабылдағандары туралы жеке өздері хабарлаулары тиіс.
6. Жұмыста кез келген уақытта және кез келген жерде есірткілік немесе алкогольдік масаю күйінде болуға барлық туындайтын салдары орын алатын, тәртіпті қатаң түрде бұзу ретінде қарастырылады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру бойынша қойылатын міндеттер.

1. Жұмыстарды жүргізу барысында мүмкін болатын қауіпті жағдайлар мен ақаулықтарды болдырмау үздіксіз жетілдіру процесінің танылған және ажырамас бөлігі болатындай, компанияның басқару персоналы мен қызметкерлері үшін еңбек сапасы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің басым маңыздылығын қамтамасыз ету.
2. Өндірістік жабдық пен өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Жұмыскерлерді қауіпсіз жұмыс әдістеріне оқытудың бірыңғай тәртібін белгілеу.
4. Ұңғымалардың геофизикалық зерттеуін жүргізу және ұңғымаларда жарылыс жұмыстарын жүргізу шарттарын жасасу кезеңінде еңбекті қорғау талаптарын сақтау.

5. Ғимараттарды, бөлмелерді, жөндеу шеберханаларын, қойма жайларын, автомобиль техникасын және геофизикалық жабдықты еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы талаптарына жауап беретін күйде ұстау.
6. Жұмыс істейтін тұлғалар еңбегінің санитарлық-техникалық жағдайларын және санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсетілуін нормаға келтіру.
7. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жұмысында жұмысшылардың, қызметшілердің және инженерлік-техникалық жұмыскерлердің белсенділігі мен мүдделілігін арттыру және оған жұмыс істейтін тұлғалардың көпшілігін жұмылдыру.
8. Еңбек және өндірістік тәртіпті күшейту.
9. Жұмыс істейтін тұлғалар тарапынан еңбек қауіпсіздігі ережелерінің, нормаларының және нұсқаулықтарының сақталуын қамтамасыз ету.
10. Өндіріс орнындағы еңбек қауіпсіздігі үшін басқару және инженерлік-техникалық жұмыскерлердің жауапкершілігін арттыру.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты ұңғымалардың геофизикалық зерттеуін жүргізу мақсаттары және жобаның стратегиялық мақсаттары.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тұтастай қамтитын мақсаты – жұмыстарды жүргізу орындарында еңбекті қорғау бойынша заманауи өндірістік стандарттарына және тиісті ережелеріне сәйкес, жол берімеуі тиіс шығындарды болдырмауға және қоршаған ортаға деген бұлтартпас кері әсерлерді төмендетуге көмектесетін қажетті қорғаныс құралдары болуы тиіс.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты ҰГЗ жалпы мақсаттары:

1. ҰГЗ жүргізудің қауіпсіз әдістерін таңдау арқылы қоршаған ортаға деген барынша төмен әсер ету.
2. Жұмыстарды жүргізу орнында РЗ (радиоактивті заттардың) және ЖМ (жарылғыш материалдардың) қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз ету.
3. Барлық геофизикалық жұмыстарды техникалық тұрғыдан жарамды жабдықта жүргізу.
4. ҰГЗ нәтижесінде пайда болатын қалдықтардың мөлшерін барынша төмендету және олардың көмілуін қамтамасыз ету.

Стратегиялық мақсаттары:

1. Жұмыс уақытының жоғалуына әкеп соқтыратын өндіріс орнында жазатайым оқиғаларға жол бермеу.
2. Жол-көлік оқиғаларына және көліктегі аварияларға жол бермеу.
3. Қисынды тұрғыда, қоршаған ортаға деген әсерін барынша төмендету.
4. Қауіпті қалдықтарды тиісті түрде көму.
Өндіріс орнындағы қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі негізгі қағидалары.

Өндіріс орнындағы қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі негізгі қағидалары қысқаша келесі түрде баяндалуы мүмкін:

1. Жұмыс орындарын қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес жабдықтау.
2. Техникалық тұрғыдан жарамды жабдық, қондырғылар, машиналар, оларды тиісті түрде пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету.
3. Қызметкерлерге және қоршаған ортаға қауіп төндірмей, геофизикалық жұмыстарды жоспарлау және оларды орындау.
4. Жоғары қауіп-қатер әлеуеті бар аймақтар мен жұмыс орындарында қосымша сақтық шараларды қабылдау.
5. Күтпеген жағдайларды және төтенше жағдайларды есепке алу.

6. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша қызмет көрсететін персоналды сапалы оқыту.
7. Жабдық дизайны бойынша тиісті стандарттар мен эргономикалық қорытындыларды біріктіру.
8. Жұмыс бағдарламаларын құрастыру және жұмыскерлердің апаттық жағдайларға дайындығын қосымша бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ, ЖМ қолдану арқылы орын алған авариялар жағдайында іс-әрекет жоспарын құрастыру барысында қоршаған ортаға деген әсеріне талдау жүргізу.
9. Апаттық жағдайларда жұмыс істеу кезінде, қызметкерлердің арнайы оқуын жоспарлау және жүргізу.

Арнайы іс-шаралар.

1. Жұмыстарды орындауға рұқсат алмас бұрын, «УзеньГеоСервис» ЖШС-нің барлық жұмыскері келесідей нұсқаулықтардан өтеді:
 - кіріспе нұсқаулығы;
 - жұмыс орнындағы нұсқаулық (алғашқы нұсқаулық);
 - бір токсанда, кем дегенде, бір рет өткізілетін кезекті (қайталама) нұсқаулығы;
 - кезектен тыс (қосымша) нұсқалық;
 - мақсатты нұсқаулық;Нұсқаулықтардың өткізілуі арнайы журналдарда тіркеледі.
2. Нұсқалықтардан өткесін, журналда белгіленетін, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу ережелерін білуге арналған тексеру жүргізіледі. Лауазымына сәйкес ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ережелерін білуге арналған кешенді тексеру:
 - ИТЖ жұмыскерлері үшін үш жылда, кем дегенде, бір рет;
 - жұмысшылар үшін бір жылда, кем дегенде, бір рет өткізіледі.
3. Әрбір каротаж станциясында ұңғымалардың геофизикалық зерттеулері және ұңғымалардағы апаттық жағдайлар бойынша жүргізілетін барлық жұмыс түрлерін қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар кешені бар.
4. Партиялардың ұңғымаларға сапарын есепке алу үшін жүргізілетін бақылау филиалдардың диспетчерлік қызметі тарапынан жүргізіліп, партия басшысы жасалатын барлық қатынастар мен штаттан тыс жағдайлар туралы станциялардағы радиотелефондар арқылы диспетчерге баяндайды.
5. Бұрғылау мұнарасына баратын әрбір сапар алдында, ауысым басшысы жолдардың күрделілігін, олардың лицензиялауын және сапардағы қауіпті жерлерді ескере отырып, қозғалыс маршруты бойынша нұсқаулық жүргізеді.
6. Партияның орналасқан жері оның базадан шығуынан базаға оралуына дейін филиалдың диспетчерлік қызметі тарапынан қадағаланады.
7. Партия жұмыскерлерінің авариялар, жазатайым оқиғалар және штаттан тыс жағдайлар кезіндегі іс-әрекеті әрбір станциядағы нұсқаулықтармен белгіленген.

Арнайы киім және жеке қорғаныс құралдары.

Жалпы ережесі:

1. Әрбір басшы персоналдың нормалармен белгіленген арнайы киіммен және барлық қажетті жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіліп, оларды киюлері үшін жауап беруі тиіс.
2. Барлық қажетті және жеткізілген ЖҚҚ өндірістік стандарттарға, сонымен қатар, жұмыскер ұшырауы мүмкін кез келген жағдайларға сәйкес болуы тиіс.
3. ЖҚҚ пайдаланатын персонал оларға материалдық тұрғыдан жауап беріп, оларды жасап шығарушының нұсқаулықтарына сәйкес тиісті күйде ұстауы тиіс.
4. ЖҚҚ-да ақаулықтар немесе зақымданулар анықталған жағдайда, бұл туралы жұмыстар басшысына хабарлап, ЖҚҚ-ны ауыстырусыз жұмысқа шықпау керек.

Стандартты талаптар:

1. База аумағында орналасқан барлық жұмыскерлер өнеркәсіп логотипі бар, пішіні белгіленген арнайы киімді киюлері тиіс.
2. Бұрғылау мұнарасына шығу кезінде, барлық жұмыскерлер қорғаныс каскасын (қыста – касканың астынан киетін жұмсақ телпек) киюлері тиіс.
3. Ауадағы заттардың, химикаттардың шашырауынан, ультрақызыл сәулелердің салдарынан травма алу қаупі болған жағдайда, қорғаныс көзілдірігін немесе маскаларын пайдалану керек.
4. Жұмыс істеу кезінде қолды сақтандыру үшін қорғаныс қолғаптарын кию керек.
5. Қыста жұмыс істеу үшін барлық жұмыскерлер арнайы, жылы киім киюлері тиіс.
6. Электр көздерімен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде, электр қауіпсіздік құралдарын пайдалану керек.
7. Қорғаныс мақсатында, арнайы аяқ-киім кию керек.
8. Кең киім түрлерін киюге тыйым салынады, жейдені шалбарға салып, жеңдердің түймесі салыну керек.

Жүргізушілер және көлік құралдары.

1. Әрбір жүргізушіге көлік құралы бекітіледі. Берілген көлік құралын басқару үшін оның барлық категориялары мен құқығы болуы керек.
2. Жұмысқа қабылдау алдында барлық жүргізушілер бақылау сынақтарынан өтулері қажет.
3. Жүргізушілер жұмыс істеу кезінде, тіпті демалған кезде, бірақ, жұмыстарды орындау аумағында болған кезде, есірткі заттарын және алкогольді қабылдамаулары керек.
4. Жүргізуші графикке сәйкес өз көлік құралдарының байқауын күнде жүргізіп, машинаны жарамды, жанармайы құйылған және жолға шығуға дайын күйде ұстауы тиіс.
5. Автомашинада жабдықталған медициналық қобдишасы мен өрт сөндіргіш болуы тиіс, жүргізуші қобдишаның құрамы мен өрт сөндіргіштің дайындығын үнемі қадағалап отыруы тиіс.
6. Көлікті жеке мақсаттарда пайдалануға және жұмыстар басшысының рұқсатынсыз база аумағынан шығуға тыйым салынады.
7. Жолаушыларды және жұмысқа қатысы жоқ бөгде жүктерді тасымалдауға тыйым салынады.
8. Жүру үшін трассалар мен негізгі жолдарды пайдалану керек, соқпақ жолдарды қатты қажеттілік туындаған жағдайда ғана және осы жолдың лицензиялануын ескеріп пайдалануға болады. Жаңа жолдарды (маршруттарды) жасауға тыйым салынады.
9. Жүргізуші жүк пен жабдықтың дұрыс бекітілгеніне, ал машинада тасымалданатын адамдардың өз орындарына отырғанына көз жеткізуі тиіс.
10. Кез келген уақытта көлік құралы астында демалуға немесе ұйықтауға тыйым салынады.
11. Жүргізуші кез келген қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде нұсқаулықтан өтіп, авариялар мен штаттан тыс жағдайлар кезінде іс-әрекет ережелерімен танысады.

Қалдықтармен жұмыс істеу.

1. Барлық жұмыстарды жүргізу орындары үйлеспейтін қалдықтарды (зиянды заттарды) және өңдеуге жарамды қалдықтарды бөлуді есепке алумен, қалдықтарды сақтау құралдарымен (контейнерлер, қақпақтары бар жәшіктер және т.б.) қамтамасыз етіледі.
2. Барлық жұмыскерлер қалдықтарды жинау рәсімі бойынша нұсқаулықтан өтулері тиіс. Қажет болған жағдайда, зиянды қалдықтармен жұмыс істейтін барлық персонал жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.
3. Шеберханалардан, тұрғын жайлардан, ас үйлерден және т.б. алынған қалдықтар күніне, кем дегенде, бір рет жиналып, шығарылуы тиіс, ал жазда тағамдық қалдықтар күніне

екі рет жиналып, шығарылуы тиіс.

Өндіріс орнындағы жазатайым оқиғаларды тексеру және оларды есепке алу.

1. Зардап шеккен адам немесе куәгер әрбір жазатайым оқиға туралы жұмыстар басшысына дереу хабарлауы керек.
 2. Жұмыстар басшысы:
 - зардап шегушіге алғашқы медициналық көмекті қамтамасыз етіп, оның денсаулық сақтау ұйымына жеткізілуін ұйымдастырады;
 - тексеруге дейін жазатайым оқиға орын алған жердегі жағдайды (егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына және апаттың орын алуына қауіп төндірмесе) сақтап, жазатайым оқиға орын алған жерді суретке түсіру керек.
 3. Филиал басшысына орын алған жазатайым оқиға туралы хабарлау керек.
- Жазатайым оқиғаны бұдан әрі тексеру 2015 жылғы 28 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің № 1055 Қаулысымен бекітілген «Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаларды тексеру материалдарын рәсімдеу нысандарын бекіту туралы» талаптарының негізінде жүргізіледі.

ЕҚЖЕҚ жөніндегі жауапты тұлға
«УзеньГеоСервис» ЖШС _____



К.Д. Истурганов